ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ
Талаптар

Информационная технология
МЕТОДЫ И СРЕДСТВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТЬЮ
Требования

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001-2008

(ИСО/МЭК 27001:2005 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Талаптар

ҚР СТ ИСО/МЭК 27001-2008

(ИСО/МЭК 27001:2005 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Инфосистемы Джет» ЖАҚ **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі **ЕНГІЗДІ**.

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 25 ақпандағы № 107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Осы стандарт Қазақстан Республикасының экономикасының қажеттігін көрсететін қосымша талаптар мәтін бойынша көлбеу қаріппен белгіленіп ИСО/МЭК 27001:2005 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар» («Information technology. Security techniques. Information security management systems. Requirements), IDT, халықаралық стандартына балама.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

Осы стандарт ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін (АҚБЖ) әзірлеу, іске асыру, пайдалану, мониторинг, талдау, алып жүру және жаңарту үшін үлгілер ретінде пайдалану үшін дайындалған. АҚБЖ қабылдау ұйым үшін стратегиялық шешім болып табылуға тиіс. Ұйымдардың АҚБЖ архитектурасы мен іске асыруға бизнестің мақсаттары және қажеттіліктері, қауіпсіздікке қойылатын талаптар, пайдаланылатын рәсімдер, сондай-ақ ұйымның өзінің мөлшері мен құрылымы да әсер етеді. Уақыт өте келе аталған сипаттамалар және оларды қолдайтын жүйелер өзгереді деп болжанады. АҚБЖ іске асыру ұйымның қажеттіліктеріне сәйкес ауқымданады деп болжанады.

Осы стандарт мүдделі ішкі және сыртқы тараптардың сәйкестікті бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Осы стандартта ұйымдардың АҚБЖ әзірлеуге, іске асыруға, пайдалануға, қадағалауға, талдауға, ілестіруге және жетілдіруге процестік тәсіл қабылданған.

Тиімді қызмет істеу үшін ұйым әр түрлі әрекеттерді басқаруға және сәйкестендіруге тиіс. Кіріс деректерін шығыс деректеріне түрлендіру мақсатында басқарылатын және ресурстарды пайдаланатын кез келген әрекет процесс ретінде қарастырылуы мүмкін. Бір процесстің шығыс деректері келесі процесс үшін тікелей кіріс деректерін білдіреді.

Осы процесстерді сәйкестендіру және өзара әрекет етумен, сондай-ақ осы процесстерді басқарумен бірге ұйымда процесстер жүйесін қолдану «процестік тәсіл» деп аталуы мүмкін.

Осы стандартта берілген ақпараттық қауіпсіздікті басқаруға процестік тәсіл мыналарға ерекше мән беруге өздерінің пайдаланушыларын ниеттендіреді:

a) ұйымның ақпараттық қауіпсіздік талаптарын түсінуге және ақпараттық қауіпсіздіктің саясаты мен мақсаттарын айқындау қажеттігіне;

b) ұйымның ортақ бизнес-тәуекелдігінің мағыналы мәтініндегі ұйымның ақпараттық қауіпсіздігінің тәуекелін басқару үшін басқару қаражаттарын енгізуге және пайдалануға;

c) АҚБЖ өнімділігі және тиімділігінің мониторингі және талдауына;

d) нақты көрсеткіштерге негізделген үздіксіз жетілдіруге.

Осы стандартта АҚБЖ барлық процесстерін құрылымдау үшін қолданылған «Жоспарлау – Іске асыру – Бағалау – Түзету - ПРОК» («Plan-Do-Check-Act» – PDCA) үлгісі қабылданған.

1-суретте ақпараттық қауіпсіздікке талаптарды және мүдделі тараптардың үмітін АҚБЖ кіріс деректері ретінде қалай қабылдайтыны көрсетілген және бірқатар қажетті әрекеттер және процесстер нәтижесінде

осы талаптар мен үміттерді қанағаттандыратын ақпараттық қауіпсіздіктің шығысын береді. Одан басқа,

1-суретте **4**, **5**, **6, 7** және **8**-тармақтарда берілген процесстердегі байланыстар көрсетілген.



1-сурет – АҚБЖ процесстеріне ПРОК үлгісін қолдану

ПРОК үлгілерін қабылдау сонымен бірге ақпараттық жүйелер және желілердің қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамалық құжатта, OECD Guidelines (2002)[1], құжатта мазмұндалған қағидаларды да көрсетеді. Осы стандарт аталған құжатта мазмұндалған қауіпсіздіктің тәуекелдер бағасын, жоспарлауды және іске асыруды реттейтін, қауіпсіздікті және қайта бағалауды басқаратын қағидаларды іске асыру үшін тұрақты үлгіні ұсынады.

1-Мысал - Мыналар талаптардың бірі болуы мүмкін: ақпараттық қауіпсіздіктің зияндары ұйымға елеулі қаржылық залал келтірмеуге тиіс және/немесе ұйымның қызметіне қиындықтар туғызбауға тиіс.

2-Мысал - Мыналар үміттердің бірі болуы мүмкін: елеулі оқыс оқиға болған жағдайда (мысалы, электрондық бизнес үшін пайдаланылатын ұйымның web-сайтына сәтті шабуыл жасалғанда) қызметкерлердің әрекетті азайту үшін тиісті рәсімдерді пайдалануға жеткілікті дайындығы болады.

Жоспарлау (АҚБЖ әзірлеу)	Ұйымның жалпы саясаттарына және мақсаттарына сәйкес келетін нәтижелер алу мақсатында ақпараттық қауіпсіздікті арттыру және тәуекелдікті басқару үшін мәнді АҚБЖ

[1] OECD Guidelines for the Security of Information Systems and Networks — Towards a Culture of Security. Paris: OECD, July 2002. www.oecd.org

	саясатын, мақсаттарын, процесстерін және рәсімдерін айқындау.
Іске асыру (АҚБЖ енгізу және пайдалану)	АҚБЖ саясатын іске асыру және пайдалану, басқару, процесстер және рәсімдер құралдары.
Тексеру (АҚБЖ мониторингі және талдау)	Бағалау және егер талап етілсе, АҚБЖ саясатына, мақсаттарына және практикалық тәжірибеге сәйкестігін тексеру үшін процесс сипаттамасын өлшеу, сондай-ақ басқарушы қызметкерлермен әрі қарай талдау үшін нәтижелерді табыстау.
Жетілдіру (АҚБЖ алып жүру және жетілдіру)	АҚБЖ үздіксіз жетілдіру мақсатында АҚБЖ ішкі аудит және басқарушы қызметкерлермен орындалған талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ басқа мәні бар ақпараттың негізінде түзету және ескерту шараларын қабылдау.

Осы стандарт басқарудың жақын стандарттарымен біріктірілген және үйлесімді, орындалуды және қолдануды қамтамасыз ету үшін *ҚР СТ 9001:2001* және ISO 14001:2004 стандарттарымен келісілген. Осы үлгімен, осылай бір тиісті жолмен әзірленген басқару барлық осы стандарттардың талаптарын қанағаттандыра алады. В.1-кестесі (В қосымша) осы стандарттың, *ҚР СТ ИСО 9001:2001* стандарты *Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар* және халықаралық ISO 14001:2004 стандарты (*Қолданыстағы стандарт ҚР СТ ИСО 14001-2000 Қоршаған ортаны басқару жүйелері. Қолдану жөніндегі талаптар және нұсқаулар)* тармақтары арасындағы өзара байланысты көрсетеді.

Осы стандарт ұйымның көрсетілген басқару жүйелеріне талаптарға сәйкес өзінің АҚБЖ біріктіре немесе тұрғыза алатындай етіп әзірленген.

МАҢЫЗДЫ! Осы стандарт ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оған барлық қажеттілер енгізілген деп түсіндірмейді. Пайдаланушылар стандартты дұрыс қолдану үшін жауапкершілік көтереді. Стандартқа сәйкестік өзінен өзі құқықтық міндеттемелерден босатпайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ
АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ
Талаптар

Енгізілген күні 2008.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт барлық тұрпаттағы ұйымдар үшін (мысалы, коммерциялық кәсіпорындарға, үкіметтік мекемелерге, коммерциялық емес ұйымдарға) қолданылады. Осы стандарт ұйымның ортақ бизнес тәуекелінің мағыналы мәтінінде құжаттандырылған **ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін** (бұдан әрі – АҚБЖ) әзірлеуге, іске асыруға, пайдалануға, мониторингке, талдауға, алып жүруге және жетілдіруге талаптарды айқындайды. Ол жеке ұйымдар немесе олардың бөлімдерінің тиісті қажеттіктеріне, басқару құралдарына талаптарды айқындайды.

АҚБЖ мүдделі тараптар үшін құпиялықты қамтамасыз ететін және ақпараттық ресурстарды қорғайтын бара бар және мөлшерлес қауіпсіздікті қорғау құралдарын қамтамасыз ету үшін әзірленеді.

Ескертпе 1 – Осы стандартта «бизнес» терминін кең мағынада түсіну керек, осы терминмен ұйым әрекетін жалғастыратын мақсаттарға жету үшін қажет кез келген қызмет көрсетіледі.

Ескертпе 2 – ISO/IEC 17799 стандартында басқару құралдарын әзірлеу кезінде пайдалануға болатын қолдану жөніндегі нұсқау келтіріледі.

Осы стандартта айқындалған талаптар ортақ болып табылады және олардың тұрпатына, мөлшеріне және қызмет түрлеріне тәуелсіз барлық ұйымдардың пайдалануы үшін арналған. Егер ұйым осы стандартқа сәйкестік туралы жарияласа, 4, 5, 6, 7 және 8 тармақтарда келтірілген талаптардың кез келгенін шығаруға жол берілмейді.

Тәуекелдерді қабылдау критерийлеріне сәйкестік үшін қажетті деп танылған басқару құралдарының барлық шығарылулары негізделуге тиіс және тәуекелдерді қабылдау туралы тиісті шешімдерді жауапты тұлғалармен қабылданғанына дәлелдеме берілуге тиіс. Егер қандай да бір басқару құралы шығарылатын болса, шығару тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша және заң және нормативтік құжаттардың тиісті талаптарымен айқындалатын қауіпсіздікке талаптарды қанағаттандыратын ұйымның ақпараттық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету міндеттемесіне және/немесе қабілеттілігіне әсер етпейтін жағдайлардан басқа, осы стандартқа сәйкестік туралы мәлімдемеге рұқсат етілмейді.

Ресми басылым

Ескертпе – Егер ұйымның бизнес-процестерді басқарудың қолданыстағы жүйесі болса (мысалы, *ҚР СТ ИСО 9001* немесе СТ РК ИСО 14001 стандартына сәйкес келетін), онда көпшілік жағдайда осы қолданыстағы басқару жүйесі шеңберінде осы стандарттың талаптарын қанағаттандырған дұрыс.

2 Нормативтік сілтемелер

Мына нормативтік-анықтамалық құжаттар осы стандартқа қолдану үшін міндетті. Егер құжаттың күні көрсетілсе, онда тек құжаттың көрсетілген редакциясын ғана пайдалану керек. Егер құжаттың күні көрсетілмесе, көрсетілген құжаттың (барлық түзетулер кіретін) соңғы редакциясы пайдаланылады.

ISO/IEC 17799:2005, Information technology — Security techniques - Code of practice for information security management [ISO/IEC 17799:2005, Ақпараттық технологиялар – Қауіпсіздік әдістері – Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жөніндегі практикалық нұсқау]

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Тәуекелді талдау (risk analysis): Тәуекелдің туындау және бағалау көздерін сәйкестендіру үшін ақпаратты жүйелі түрде пайдалану. [ISO/IEC Guide 73:2002]

3.2 Қол жетушілік (availability): Авторластырылған пайдаланушының (мәнділік) талап етуі бойынша пайдалануға дайын және қол жетерлік болу қасиеті [ISO/IEC 13335-1:2004]

3.3 Ақпараттық қауіпсіздік (information security): Ақпараттың құпиялығын, тұтастығын және қол жетімділігін қамтамасыз ету; одан басқа, шынайылық (authenticity), есеп берушілік (accountability), бас тартпаушылық (non-repudiation) және сенімділік (reliability) сияқты басқа қасиеттер де тартылуы мүмкін. [ISO/IEC 17799:2005]

3.4 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы (information security incident): Ақпараттық қауіпсіздікке қауіп-қатер және бизнес-ақпараттың беделін түсіру ықтималдығы зор болатын ақпараттық қауіпсіздіктің бірлі-жарым оқиғалары немесе бірқатар орынсыз және кездейсоқ оқиғалары. [ISO/IEC TR 18044:2004]

3.5 Құпиялық (confidentiality): Ақпараттың авторластырылмаған пайдаланушы, мәнділік немесе процесстер үшін ашылмайтын және қол жетпейтіндей болу қасиеті. [ISO/IEC 13335-1:2004]

3.6 Тәуекелді өңдеу (risk treatment): Тәуекелді өзгерту үшін шаралар таңдау және қолдану процессі. [ISO/IEC Guide 73:2002]

Ескертпе – Осы стандартта «басқару құралы» (control) термині «шара» (measure) терминінің синонимі ретінде пайдаланылады.

3.7 Тәуекелдің деңгейін айқындау (risk evaluation): Тәуекелдің мәнділігін айқындау үшін берілген критерийлермен бірге бағаланған тәуекелді салыстыру процессі. [ISO/IEC Guide 73:2002]

3.8 Қалдық тәуекел (residual risk): Тәуекелді өңдегеннен кейін қалған тәуекел. [ISO/IEC Guide 73:2002]

3.9 Тәуекелді бағалау (risk assessment): Өзіне тәуекелді талдау және тәуекелдер деңгейін айқындау кіретін толық процесс. [ISO/IEC Guide 73:2002]

3.10 Қолданушылық туралы ереже (statement of applicability): Ұйымның АҚБЖ-не қолданылатын және мәнді деп танылған басқару құралдары және басқару мақсатын сипаттайтын құжат.

Ескертпе – Басқару мақсаты және басқару құралдары ақпараттық қауіпсіздікке ұйымның тәуекелді бағалау және тәуекелдерді өңдеу процесстерінен, құқықтық және нормативтік талаптардан, шарттық міндеттемелерден және бизнес-талаптардан алынған нәтижелер және қорытындыларға негізделеді.

3.11 Тәуекелді қабылдау (risk acceptance): Тәуекелді қабылдау бойынша шешім. [ISO/IEC Guide 73:2002]

3.12 Ресурс (asset): Ұйым үшін құндылығы бар кез келген мән. [ISO/IEC 13335-1:2004].

3.13 АҚБЖ, ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (information security management system, ISMS): Ақпараттық қауіпсіздікті әзірлеу, іске асыру, пайдалану, мониторинг, талдау, алып жүру және жетілдіру үшін арналған және бизнес-тәуекелдігін бағалауға негізделген басқару жүйесінің жалпы бөлігі.

Ескертпе – Басқару жүйесінің өзіне ұйымдастыру құрылымы, саясаты, жоспарларды әзірлеу, жауапкершіліктерді үлестіру, нұсқаулар, рәсімдер, процесстер және ресурстар кіреді.

3.14 Ақпараттық қауіпсіздік оқиғасы (information security event): Ақпараттық қауіпсіздік саясатының ықтимал бұзылуын немесе қорғаныс құралдарынан бас тартуды (safeguards), не болмаса қауіпсіздік үшін елеулі болуы мүмкін бұрын белгісіз жағдайды көрсететін жүйелер немесе желілер жағдайын сәйкестендіру жағдайы. [ISO/IEC TR 18044:2004]

3.15 Тәуекелді басқару (risk management): Бар тәуекелді ескере отырып ұйымды басқару және жетекшілік етуге бағытталған үйлестірілген әрекеттер. [ISO/IEC Guide 73:2002]

3.16 Тұтастық (integrity): Ресурстардың нақтылығын және толықтығын сақтау қасиеті. [ISO/IEC 13335-1:2004].

4 Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі

4.1 Жалпы талаптар

Ұйым өзі кездесетін тәуекелдер және ұйымның жалпы бизнес-қызметінің мағыналы мәтініндегі құжаттандырылған АҚБЖ әзірлеуге, іске

асыруға, пайдалануға, мониторинг және талдау жүргізуге, алып жүруді және жетілдіруді жүзеге асыруға тиіс. Осы стандарттың мақсаттары үшін пайдаланылатын процесс 1-суретте берілген ПРОК үлгісіне негізделеді.

4.2 АҚБЖ әзірлеу және басқару

4.2.1 АҚБЖ әзірлеу

Ұйым мыналарды орындауға тиіс:

а) Бизнестің, ұйымның, оның орналасқан жерінің, ресурстары және технологияларының сипаттамаларының терминдеріндегі АҚБЖ шекарасын және қолдану салаларын айқындауға тиіс, бұл жағдайда қолдану саласынан барлық шығарылымдар үшін толық негіздеме келтірілуге тиіс (1.2 қараңыз).

б) Бизнестің, ұйымның, оның орналасқан жерінің, ресурстары және технологияларының сипаттамаларының терминдеріндегі АҚБЖ саясатын айқындау; бұл саясат:

1) өзіне мақсаттарды айқындау үшін жалпы құрылымды енгізеді, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті ескере отырып, қызметтің қағидаларын және басқарудың жалпы міндеттерін айқындайды;

2) өндірістік және құқықтық немесе нормативтік талаптарды, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді ескереді;

3) АҚБЖ алып жүру және әзірлеу жүзеге асырылатын ұйымның стратегиялық тәуекелді басқарудың мағыналы мәтінін ескереді;

4) тәуекел деңгейі айқындалатын критерийлерді белгілейді (**4.2.1**с) қараңыз);

5) басшылықпен бекітіледі.

Ескертпе – Осы стандарттың мақсаттары үшін АҚБЖ саясаты ақпараттық қауіпсіздіктің көптеген (кең түрдегі көптеген) саясаты ретінде қарастырылады. Осы саясаттар бір құжатта сипатталуы мүмкін.

в) Тәуекелді бағалауға ұйымның тәсілін айқындайды.

1) Нақты АҚБЖ сәйкес келетін, бизнес-ақпараттың қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ құқықтық және нормативтік талаптарға сәйкестендірілген тәуекелді бағалау әдістерін сәйкестендіреді.

2) Тәуекелді қабылдау үшін критерийлерді әзірлеу және тәуекелдің құптауға лайық деңгейін сәйкестендіреді (5.1е) қараңыз).

Тәуекелді бағалаудың таңдалған әдісі тәуекелді бағалау рәсімдерінің жаңғыртылған және салыстырмалы нәтижелеріне кепілдік беруге тиіс.

Ескертпе – Тәуекелді бағалаудың әр түрлі әдістері бар. Тәуекелді бағалаудың әдістерінің мысалдары ISO/IEC TR 13335-3 стандартында, Information technology— Guidelines for the management of IT Security — Techniques for the management of IT Security (ISO/IEC TR 13335-3, Ақпараттық технологиялар — АТ қауіпсіздігін басқару қағидалары — АТ қауіпсіздігін басқару әдістері) талқыланады.

г) Тәуекелдерді сәйкестендіру.

1) АҚБЖ қолдану саласына қатысты ресурстарды және осы ресурстардың иегерлерін1 сәйкестендіру.

2) Осы ресурстарға қатерлерді сәйкестендіру.

3) Осы қатерлерді іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін осалдықты сәйкестендіру.

4) Құпиялықты, тұтастықты және қол жетерлікті бұзу ресурстарына әсер етуі мүмкін әрекетті сәйкестендіру.

д) Тәуекелдерді талдау және бағалау.

1) Ресурстардың құпиялығын, тұтастығын немесе қол жетімділігін бұзу салдарын назарға ала отырып, қауіпсіздікті бұзуы мүмкін бизнеске әрекет етуді ұйым ауқымында бағалау.

2) Осы ресурстарға байланысты қауіп-қатерлер, осалдықтар және әсер етулердің басым болуындағы қауіпсіздікті бұзуды іске асырудың нақты ықтималдығын, сондай-ақ осы сәтте іске асырылған басқару құралдарын бағалау.

3) Тәуекелдер деңгейін бағалау.

4) 4.2.1в) 2) айқындалған тәуекелдерді қабылдау критерийлерін пайдалана отырып, тәуекелдер құптауға лайық болып табылады ма немесе өңдеуді талап ете ме, соны айқындау.

е) Тәуекелдерді өңдеу нұсқаларын сәйкестендіру және бағалау.

Мүмкін әрекеттерге мыналар жатады:

1) басқарудың тиісті құралдарын пайдалану;

2) олар ұйымның саясатын және тәуекелдерді қабылдау критерийлерін нақты қанағаттандырған жағдайда тәуекелдерді саналы түрде және әдейі қабылдау (4.2.1в) 2) қараңыз);

3) тәуекелдерді болдырмау;

4) байланыстырылған бизнес-тәуекелдерді басқа тараптарға, мысалы, сақтандырушыларға және жеткізушілерге табыстау.

ж) тәуекелдерді өңдеу үшін басқару мақсаттары және басқару құралдарын таңдау.

Басқару мақсаттары және басқару құралдары тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді өңдеу процесстерімен сәйкестендірілген талаптарды қанағаттандыратындай таңдалынып алынуға және іске асырылуға тиіс. Бұл таңдау жағдайында тәуекелдерді қабылдау критерийлері (4.2.1в)2) қараңыз), сондай-ақ құқықтық және нормативтік талаптар, шарттық міндеттемелер де ескерілуге тиіс.

---

[1] «Иегер» (owner) термині ресурстардың тиімділігін, әзірленімін, алып жүру, пайдалану және қауіпсіздігін бақылау (controlling) үшін тиісті жолмен бекітілген әкімшілік жауапкершілік жүктелген тұлғаны немесе мәнді білдіреді. «Иегер» термині осы ресурсқа осы тұлғаның қандай да бір меншік құқығы бар дегенді білдірмейді.

Осы процесстің бір бөлігі А қосымшасынан басқару құралдарын және басқару мақсаттарын таңдау болуға тиіс, таңдау нәтижесінде барлық сәйкестендірілген талаптар қанағаттандырылуға тиіс.

А қосымшасында келтірілген басқару мақсаттары және басқару құралдарының тізімі жеткілікті болып табылмайды, сонымен бірге қосымша басқару мақсаттары және басқару құралдары таңдап алынуы мүмкін.

Ескертпе – А қосымшасында ұйымда мәнді болып табылатын басқару мақсаттары және басқару құралдарының толық тізімі мазмұндалады. Осы стандартты пайдаланушыларға басқарудың бірде бір маңызды нұсқалары анықталмай қалмауға кепілдік беретін басқару мақсаттары және басқару құралдарын таңдау үшін басталған нүкте ретінде А қосымшасына бағдарлану ұсынылады.

з) Ұсынылатын қалған тәуекелдерді бекітуге басшылардан рұқсат алуға.

и) АҚБЖ-ін іске асыруға және пайдалануға басшылардан рұқсат алуға.

к) Қолдану туралы Ережені дайындау.

Өзіне мына төмендегілер кіретін қолдану туралы Ереже дайындалуға тиіс:

1) 4.2.1ж) таңдап алынған басқару мақсаттары және басқару құралдары, сондай-ақ оларды таңдап алу себептері;

2) Осы сәтте іске асырылған басқару мақсаттары және басқару құралдары (4.2.1д)2) қараңыз);

3) А қосымшасында аталған басқарудың кез келген мақсаттарынан және басқарудың кез келген құралдарынан шығару, сондай-ақ осы мақсаттар мен құралдардың шығарылымдарына негіздеме.

Ескертпе – Қолдану туралы Ереже тәуекелдерді өңдеуге қатысты шешімдер ақпарын береді. Шығаруларды негіздеу басқарудың бір де бір құралы байқаусыздықтан жіберіліп алмағандығына айқас бақылауды қамтамасыз етеді.

4.2.2 АҚБЖ іске асыру және пайдалану

Ұйым мыналарды орындауға тиіс:

а) Ақпараттық қауіпсіздіктің тәуекелдерін басқару үшін басшылықтың тиісті әрекеттері, ресурстар, міндеттері және артықшылықтары сәйкестендірілетін тәуекелдерді өңдеу жоспарының ережелерін қалыптастыру (5-қараңыз).

б) Өзіне қаржыландыру, рөлдерді және жауапкершіліктерді үлестіру мәселелерін қарастыру кіретін сәйкестендірілген басқару мақсаттарына жету үшін тәуекелдерді өңдеу жоспарын іске асыру.

в) Басқару мақсаттарын орындау үшін 4.2.1ж) таңдап алынған басқару құралдарын іске асыру.

г) Таңдап алынған басқару құралдарының немесе басқару құралдарының топтарының тиімділігін қалай өлшеуге болатындығын айқындау және алынған нәтижелер салыстыруға келетіндей және

жаңғыртуға болатындай басқару құралдарының тиімділігін бағалау үшін осы өлшемдер қалай пайдалануға тиістігін көрсету (4.2.3в) қараңыз).

Ескертпе – Басқару құралдарының тиімділігін өлшеу менеджерлер мен қызметкерлерге басқару құралдары қаншалықты басқарудың жоспарланған мақсаттарына сәтті жететіндігін айқындауға жағдай жасайды.

д) Оқыту және жария ету бағдарламаларын іске асыру (5.2.2 қараңыз).

е) АҚБЖ пайдалануды басқару.

ж) АҚБЖ үшін ресурстарды басқару (5.2 қараңыз).

з) Қауіпсіздік оқиғаларын тез арада табуды және қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын сезінуді қамтамасыз етуге жағдай жасайтын рәсімдерді және басқарудың басқа құралдарын іске асыру (4.2.3а) қараңыз).

4.2.3 АҚБЖ мониторингі және талдау

Ұйым мыналарды орындауға тиіс:

а) мына мақсатта мониторинг рәсімдерін және рәсімдерді талдауды және басқа басқару құралдарын орындауға тиіс:

1) өңдеу нәтижелерінен қателерді дер кезінде табу;

2) қауіпсіздікті сәтсіз және сәтті бұзудың және қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын дер кезінде сәйкестендіру;

3) адамдарға тапсырылған немесе ақпараттық технологиялар құралдарымен іске асырылған қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша әрекеттер тиісті жолмен орындалуда ма, соны басшылықтың айқындауына мүмкіндік беру;

4) қауіпсіздік оқиғаларын табуға көмектесу және міне осылай индикаторларды пайдалану жолымен қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын болдырмау;

5) қауіпсіздіктің бұзылуын жою үшін қамданған әрекеттер тиімді ме, соны айқындау.

б) Барлық мүдделі тараптардан алынған ұсыныстар мен ақпараттарды, тиімділікті өлшеу нәтижелерін, оқыс оқиғаларды, қауіпсіздікке аудиттің нәтижелерін ескере отырып, (АҚБЖ саясатын және қауіпсіздік мақсаттарын сақтау, сондай-ақ қауіпсіздікті басқару құралдарына талдауды қоса алғанда) АҚБЖ тиімділігіне жүйелі түрде талдауды жүзеге асыру.

в) Қауіпсіздік талаптары қанағаттандырылғанына көз жеткізу үшін басқару құралдарының тиімділігін өлшеу.

г) Жоспарланған кезеңдер арқылы тәуекелдерді бағалауға талдауды жүзеге асыру және қалған тәуекелдің деңгейін және мыналарда өтетін өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдердің құптауға лайық сәйкестендірілген деңгейіне талдау жүргізу:

1) ұйымдар;

2) технологиялар;

3) бизнес-мақсаттар және бизнес-процесстерде;

4) сәйкестендірілген қауіп-қатерлерде;

5) басқарудың іске асырылған құралдарының тиімділігінде;

6) құқықтық немесе нормативтік саласындағы өзгерістер, шарттық міндеттемелердегі өзгерістер және қоғамдық климаттағы өзгерістер сияқты сыртқы оқиғаларда.

д) Жоспарланған кезеңдер арқылы АҚБЖ ішкі аудитін жүргізу (6-қараңыз).

Ескертпе – Кейде бірінші тарап аудиттері деп аталатын ішкі аудиттер ұйымның өзінің күшімен немесе ішкі мақсаттар үшін ұйымның тапсырысы бойынша орындалады.

е) Қолдану саласы бірдей күйінде қалатынына, ал АҚБЖ процессін жетілдіру сәйкестендірілгеніне кепілдік беру үшін басқарушы қызметкерлермен АҚБЖ-не жүйелі түрде талдау жүргізу (7.1 қараңыз).

ж) Мониторинг және талдау нәтижесінде алынған мәліметтерді ескеру үшін қауіпсіздік бойынша жоспарларды жаңару.

з) АҚБЖ өнімділігіне немесе тиімділігіне әсер етуі мүмкін әрекеттер мен оқиғаларды тіркеу (4.3.3 қараңыз).

4.2.4 АҚБЖ ілестіру және жетілдіру

Ұйым мыналарды жүйелі түрде орындауға тиіс:

а) АҚБЖ сәйкестендірілген жетілдіруді іске асыруды.

б) 8.2 және 8.3 тармақтарына сәйкес тиісті түзетуші және ескертпе шараларын қолдану. Басқа ұйымдарда бар, сондай-ақ ұйымның өзінде де бар қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесінен алынған білімді қолдану.

в) Егер осыны әрекеттердің мәнділігі және маңыздылығы талап ететін болса, шаралар және жетілдірулер туралы (хабардың толықтық деңгейі жағдайларға сәйкес келуге тиіс) барлық тараптарды хабардар ету.

г) Жетілдіру қойылған мақсаттарға жететіндігіне көз жеткізу.

4.3 Құжаттамаға қойылатын талаптар

4.3.1 Жалпы талаптар

Құжаттамалар өзіне басқарушы шешімдердің жазбаларын кіргізуге тиіс, басқарушының шешімдері және саясаттарымен әрекеттердің байланысының бақыланып тұруына кепілдік беруге, сондай-ақ жазылған нәтижелердің жаңғыртылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Таңдап алынған басқару құралдарынан кейін тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді өңдеу процесстерінің нәтижелеріне және одан әрі АҚБЖ саясаты және мақсаттарына дейінгі өзара байланысты көрсету мүмкіндігі болғаны маңызды.

АҚБЖ бойынша құжаттамаға мыналар кіруге тиіс:

а) қауіпсіздік саясатының (4.2.1б) қараңыз) және басқару мақсаттарының құжаттандырылған ережелері;

б) АҚБЖ қолдану саласы (4.2.1а) қараңыз);

в) АҚБЖ қолдау үшін пайдаланылатын рәсімдер және басқару құралдары;

г) тәуекелдерді бағалау әдістері туралы шешім (4.2.1в) қараңыз);

д) тәуекелдерді бағалау туралы есеп (4.2.1в) - 4.2.1ж) қараңыз);

е) тәуекелдерді өңдеу жоспары (4.2.2б) қараңыз);

ж) өзінің ақпараттық қауіпсіздік процесстерін тиімді жоспарлау, пайдалану және басқаруды қамтамасыз ету үшін және басқару құралдарының тиімділігі өлшеу әдістерін сипаттау үшін ұйымға қажетті құжаттандырылған рәсімдер (4.2.3в) қараңыз);

з) осы стандартпен талап етілетін жазбалар (4.3.3 қараңыз).

и) Қолдану туралы Ереже.

Ескертпе 1 – Осы стандартта «құжаттандырылған рәсім» термині осы рәсімнің әзірленгенін, құжаттандырылғанын, іске асырылғанын және қолдау алғанын білдіреді.

Ескертпе 2 – АҚБЖ бойынша құжаттамалар көлемі мыналарға байланысты бір ұйымнан екінші ұйым арасында:

1) Ұйымның мөлшері және оның қызмет түрлеріне;

2) қауіпсіздікке және басқару жүйесіне талаптардың күрделілігіне және қолдану салаларына байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Ескертпе 3 – Құжаттар мен жазбалар кез келген тұрпаттағы тасымалдаушыда болуы мүмкін.

4.3.2 Құжаттарды басқару

АҚБЖ үшін қажетті құжаттар қорғалған және басқарылатын болуға тиіс. Мыналар үшін қажетті басқарылатын әрекеттерді айқындау үшін құжаттандырылған рәсім әзірленуге тиіс:

а) құжаттарды жариялау алдында олардың бірдейлік критерийлері бойынша құжаттарды бекіту;

б) қажеттілігіне қарай және құжаттарды қайтадан бекіту бойынша құжаттарды талдау және жаңарту;

в) құжаттардың ағымдағы редакциясының мәртебесін және өзгертулерді сәйкестендіруді қамтамасыз ету;

г) тиісті құжаттардың маңызды нұсқаларына оларды пайдалану жерлерінде қол жетімдікпен қамтамасыз ету;

д) құжаттардың тез сәйкестендіруін және жеңіл оқылатындығын сақтау;

е) оларды талап ететіндер үшін құжаттарға қол жетімдікті қамтамасыз ету, сондай-ақ құжаттар жіктемесіне сәйкес қолданылатын рәсімдерге сәйкес табыстау, сақтау және ақырында құжаттарды жоюды қамтамасыз ету.

ж) сырттан шыққан құжаттарды сәйкестендірумен қамтамасыз ету;

з) құжаттарды таратуға бақылауды қамтамасыз ету;

и) ескірген құжаттарды кездейсоқ пайдалануды болдырмау;

к) егер олар қандай да бір мақсаттар үшін сақталатын болса, құжаттарды қолайлы сәйкестендіруді қолдану.

4.3.3 Жазбаларды басқару

АҚБЖ тиімді пайдалану және талаптарына сәйкестік куәлігін қамтамасыз ететін жазбалар жасалуға және қолдануға тиіс. Жазбалар қорғалған және басқарылатын болуға тиіс. АҚБЖ барлық маңызды құқықтық және нормативтік талаптарды, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді ескеруге тиіс. Жазбалар жеңіл оқылатын, оңай сәйкестендірілетін және шығарылатын болуға тиіс. Жазбаларды сәйкестендіру, сақтау, қорғау, шығару және жою үшін қажет, сондай-ақ жазбалардың сақталу мерзімі құжаттандырылуға және іске асырылуға тиіс.

4.2 тармақта сипатталғандай процесстің өнімділігінің жазбасы және АҚБЖ-мен байланысты қауіпсіздіктің маңызды оқыс оқиғалар жағдайларының жазбалары жүргізілуге тиіс.

Мысал-Қатысу журналы, аудит туралы есептер және қатынауға рұқсаттың толтырылған нышандары жазбалардың мысалдары болып табылады.

5 Қызметкерлердің міндеттерін тарату

5.1 Басшылықтың мүдделілігі

Басшылар мыналар арқылы АҚБЖ әзірленіміне, іске асыруға, пайдалануға, мониторингке, талдауға, алып жүруге және жетілдіруге өздерінің мүдделілігін көрсетуге тиіс:

а) АҚБЖ саясатын бекіту;

б) АҚБЖ мақсаттары мен жоспарлары айқындалғанын куәландыру.

в) ақпараттық қауіпсіздік үшін рөлдер мен жауапкершіліктерді бекіту;

г) ақпараттық қауіпсіздіктің мақсаттарына жету және ақпараттық қауіпсіздіктің саясатын сақтау, заң алдында ұйымның жауапкершілігі және үздіксіз жетілдіру қажеттігінің маңыздылығы туралы ұйымды хабардар ету;

д) АҚБЖ әзірлеу, іске асыру, пайдалану, алып жүру және жетілдіру үшін жеткілікті түрде ресурстар беру (5.2.1 тармағын қараңыз);

е) тәуекелдерді және тәуекелдердің құптауға лайық деңгейлерін қабылдау үшін критерийлерді таңдау;

ж) АҚБЖ-нің ішкі аудиттарын өткізуді қамтамасыз ету (6 тармақты қараңыз);

з) АҚБЖ-не басқарушылық талдау жүргізу (7 тармағын қараңыз).

5.2 Ресурстарды басқару

5.2.1 Ресурстарды беру

Ұйым мыналар үшін қажетті ресурстарды айқындауға және беруге тиіс:

а) АҚБЖ әзірлеу, іске асыру, пайдалану, мониторинг, талдау, алып жүру және жетілдіру үшін;

б) ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерімен бизнес-талаптарды қолдауды қамтамасыз ету үшін;

в) құқықтық және нормативтік талаптарды, сондай-ақ қауіпсіздік бойынша шарттық міндеттемелерді сәйкестендіру және есепке алу;

г) барлық іске асырылған басқару құралдарын дұрыс қолдану көмегімен ұқсас қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

д) талдау нәтижелері бойынша қажеттілігіне қарай және тиісті әсер етуге қарай талдауды орындау;

е) егер талап етілетін болса, АҚБЖ тиімділігін жетілдіру.

5.2.2 Оқыту, мәліметтілік және біліктілік

Ұйым АҚБЖ-де айқындалған міндеттер жүктелген барлық қызметкердің қажетті міндеттерді орындау үшін тиісті біліктілігі болуға кепілдік беруге тиіс. Бұл үшін ұйым:

а) АҚБЖ-мен байланысты жұмыстарды орындайтын қызметкердің біліктілігінің қажетті деңгейін айқындауға тиіс;

б) оқытуды қамтамасыз етуге немесе осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін басқа шараларды (мысалы, білікті қызметкерлерді қабылдауға) қолдануға тиіс;

в) қабылданған шаралардың тиімділігін бағалауға тиіс;

г) білім беру, оқыту, дағдылар, тәжірибе және біліктілік туралы жазба жүргізуге (4.3.3-тармағын қараңыз).

Ұйым, сондай-ақ бүкіл қызметкерлердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша оның қызметінің мәнділігі және маңыздылығы туралы хабардар болуына, сондай-ақ АҚБЖ-нің мақсаттарына жетуде осы қызметкер қандай жолмен қатысатындығына кепілдік беруге тиіс.

6 АҚБЖ ішкі аудиттері

Мынадай қасиеттерімен АҚБЖ-нің рәсімдері және процесстері, басқару мақсаттары, басқару құралдарына ие ме, соны айқындау үшін ұйым жоспарланған уақыт аралықтары арқылы АҚБЖ-нің ішкі аудитін жүргізуге тиіс:

а) осы стандарттың және тиісті заңдар және нормативтердің талаптарын қанағаттандырады;

б) ақпараттық қауіпсіздіктің сәйкестендірілген талаптарын қанағаттандырады;

в) тиімді іске асырылған және алып жүрген болып табылады;

г) күтуге сәйкес орындалады.

Аудиттің бағдарламасы аудит жүргізуге жататын процесстер мен салалардың мәртебесі мен маңыздылығын ескере отырып, сондай-ақ

алдыңғы аудиттардың нәтижелерін ескере отырып, жоспарлануға тиіс. Аудиттің критерийлері, шекаралары, кезеңділігі және әдістері айқындалуға тиіс. Аудиторларды таңдау және аудит жүргізуде аудит процессінің шынайылығына және әділдігіне кепілдік беруге тиіс. Аудиторлар өзінің жеке жұмысына аудит жүргізбеуге тиіс.

Аудитті жоспарлауға және өткізуге, сондай-ақ аудитті өткізу нәтижелері бойынша есептемеге және жазбалар жүргізуге міндеттер және талаптар (4.3.3 тармағын қараңыз) құжаттандырылған рәсімде айқындалуға тиіс.

Аудитке жататын сала үшін жауапты басқарушы қызметкер табылған сәйкессіздіктерді және олардың себептерін жою үшін тез арада шаралар қабылдануын қамтамасыз етуге тиіс. Әрі қарайғы әрекеттердің өзіне қолданылған шараларды тексеру және тексеру нәтижелері бойынша есеп кіргізілуге тиіс (8-тармақты қараңыз).

Ескертпе – ISO 19011:2002, Guidelines for quality and/or environmental management systems стандартында АҚБЖ ішкі аудиттерін өткізу жөніндегі пайдалы нұсқау бар.

7 Басшылықтың АҚБЖ қайта қарауы

7.1 Жалпы ережелер

Басқарушы қызметкер жоспарланған аралық арқылы (жылына бір рет) АҚБЖ-нің үздіксіз қолданылуын, барабарлығын және тиімділігін қамтамасыз ету үшін ұйымның АҚБЖ-іне талдау жасауға тиіс. Бұл талдау өзіне АҚБЖ-ін, соның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саясатын және ақпараттық қауіпсіздік мақсаттарын жетілдіру мүмкіндіктерін және өзгерту қажеттілігін айқындауды кіргізуге тиіс. Талдау нәтижелері нақты түрде құжаттандырылуға тиіс, сондай-ақ тиісті жазбалар жүргізілуге тиіс (4.3.3-тармағын қараңыз).

7.2 Талдау үшін бастапқы деректер

Басқарушылық талдауы үшін бастапқы деректерге мыналар кіруге тиіс:

а) АҚБЖ-нің аудиттер және талдау нәтижелері;

б) мүдделі тараптардың ескертпелері мен ұсыныстары;

в) АҚБЖ өнімділігін және тиімділігін арттыру үшін ұйымда пайдалану болатын әдістер, өнімдер немесе рәсімдер туралы ақпарат;

г) ескертпе беруші және түзетуші шаралардың мәртебесі туралы ақпарат;

д) тәуекелдерді алдыңғы бағалау кезінде барабар ескерілмеген қауіп-қатерлер немесе осалдықтар туралы ақпарат;

е) тиімділікті өлшеу нәтижелері;

ж) алдыңғы басқарылатын талдаудың нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы ақпарат;

з) АҚБЖ-не әсер етуі мүмкін барлық өзгерістер туралы ақпарат;

и) жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7.3 Талдау қорытындылары

Басқарылатын талдаудың қорытындыларының өзіне төменде аталғандармен байланысты барлық шешімдер мен шаралар кіргізілуге тиіс.

а) АҚБЖ-нің тиімділігін арттыру.

б) Тәуекелдерді бағалауды және тәуекелдерді өңдеу жоспарын жаңарту.

в) Мыналарға өзгертулерді қоса алғанда, АҚБЖ-не әсер етуі мүмкін ішкі және сыртқы оқиғаларды сезіну үшін, ақпараттық қауіпсіздікке әсер ететін рәсімдер мен басқару құралдарын қажеттілігіне қарай түрлендіру:

1) бизнес-талаптарға;

2) қауіпсіздік талаптарына;

3) қолданыстағы бизнес-талаптарға әсер ететін бизнес-процесстерге;

4) нормативтік немесе құқықтық талаптарға;

5) шарттық міндеттемелерге;

6) тәуекелдер деңгейлеріне және/немесе тәуекелдерді қабылдау критерийлеріне.

г) Ресурстарға қажеттілікті айқындау.

д) Басқару құралдарының тиімділігін өлшеудің қолданыстағы әдістерін жетілдіру.

8 АҚБЖ жетілдіру

8.1 Үздіксіз жетілдіру

Ұйым ақпараттық қауіпсіздік саясатын, ақпараттық қауіпсіздік мақсаттарын, аудит нәтижелерін, бақыланған оқиғалардың талдауын, түзетуші және ескертпе беруші әсер етулерді, сондай-ақ басқарылатын талдауды пайдалану жолымен АҚБЖ-нің тиімділігін үздіксіз арттырып отыруға тиіс (7-тармағын қараңыз).

8.2 Түзетушілік әсер ету

Ұйым сәйкессіздіктердің қайталанып пайда болуын болдырмау үшін АҚБЖ-нің талаптарына сәйкессіздіктерді жою үшін шаралар қолдануға тиіс. Түзетушілік әсер ету үшін құжаттандырылған рәсім мыналарға талаптарды айқындауға тиіс:

а) сәйкессіздіктерді сәйкестендіруге;

б) сәйкессіздіктердің себептерін айқындауға;

в) сәйкессіздіктің қайталап пайда болуын болдырмайтын әсер етудің қажеттілігін бағалауға;

г) қажетті түзетушілік әсер етуді айқындау және іске асыру;

д) қолданылған әсер ету нәтижелерін тіркеу (4.3.3-тармағын қараңыз);

е) жасалған түзетушілік әсер етудің талдауына.

8.3 Ескертпешілік әсер ету

Ұйым сәйкессіздіктің пайда болуын болдырмау үшін АҚБЖ-інің талаптарына ықтимал сәйкессіздіктердің себебін болдырмау үшін шараларды айқындауға тиіс. Жасалған ескертпешілік шаралар әлуетті мәселелерге әсер етумен барабар болуға тиіс. Ескертпешілік әсер ету үшін құжаттандырылған рәсім мыналарға талаптарды айқындауға тиіс:

а) әлуетті сәйкессіздіктерді және олардың себептерін сәйкестендіруге;

б) сәйкессіздіктің пайда болуын болдырмау үшін әсер етудің қажеттігін бағалауға;

в) қажетті ескертпешілік әсер етуді айқындау және іске асыру;

г) жасалған әсер ету нәтижелерін тіркеуге (4.3.3-тармағын қараңыз);

д) жасалған ескертпешілік әсер етудің талдауына.

Ұйым елеулі өзгерген тәуекелдерге ерекше назар аудара отырып, ескертпешілік әсер етуге талаптарды сәйкестендіруге және өзгерген тәуекелдерді сәйкестендіруге тиіс.

Ескертпешілік әсер етудің артықшылығы тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде айқындалуға тиіс.

Ескертпе – Сәйкессіздіктерді болдырмау бойынша әрекет, түзетуші әсер етуге қарағанда қымбатырақ болып табылады.

А қосымшасы
(ұсынылатын)
Басқару мақсаттары және басқару құралдары

А.1-кестесінде аталған басқару мақсаттары және басқару құралдары, тікелей ISO/IEC 17799:2005 стандартының **5-тен бастап 15-ке дейінгі** тармақтарында аталған мақсаттар мен құралдардан алынған және соларға сәйкес болады. А.1-кестедегі тізімдер соңғы болып табылмайды және ұйым қосымша басқару мақсаттары мен басқару құралдарын пайдалану қажет деп санауы мүмкін. Осы кестелердегі басқару мақсаттары және басқару құралдары **4.2.1**-тармағында айқындалған АҚБЖ процессінің бір бөлігі ретінде таңдап алынуға тиіс.

ISO/IEC 17799:2005 стандартының **5–15**-тармақтарында **А.5**–**А.15**-тармақтарында сипатталған басқару құралдарын практикалық қолдану жөнінде нұсқау және іске асыру жөніндегі кеңестер бар.

А.1-кесте – Басқару мақсаттары және басқару құралдары

А.5 Қауіпсіздік саясаты		
А.5.1 Ақпараттық қауіпсіздік саясаты Мақсаты: Бизнес-талаптарға және тиісті заңдар мен нормативтерге сәйкес басқарушы қызметкерлер тарапынан ақпараттық қауіпсіздік үшін басқару және қолдауды қамтамасыз ету.		
А.5.1.1	Ақпараттық қауіпсіздік саясаты туралы құжат	Басқару құралдары Ақпараттық қауіпсіздік саясаты туралы құжат ұйымның басшылығымен бекітілуге, жариялануға және сыртқы релеванттық тараптарға және барлық қызметкерлерге дейін жеткізілуге тиіс.
А.5.1.2	Ақпараттық қауіпсіздік саясатын талдау	Басқару құралдары Ақпараттық қауіпсіздік саясаты жоспарланған аралықтар арқылы немесе елеулі өзгерістер пайда болған жағдайда, оның үздіксіз қолданушылығын, барабарлығын және тиімділігін қамтамасыз ету үшін талдануға тиіс.
А.6 Ақпараттық қауіпсіздіктің ұйымдастыру аспектілері		
А.6.1 Ішкі ұйымдастыру аспектілері Мақсаты: Ұйымдағы ақпараттық қауіпсіздікті басқару.		
А.6.1.1	Басшылардың ақпараттық қауіпсіздікке мүдделілігі	Басқару құралдары Басшылар тікелей нұсқау, мүдделілікті көрсету, тікелей тағайындау және ақпараттық қауіпсіздік үшін жауапкершілікті мақұлдау жолымен ұйымдағы қауіпсіздікті белсенді қолдауға тиіс.
А.6.1.2	Ақпараттық қауіпсіздікті үйлестіру	Басқару құралдары Ақпараттық қауіпсіздік бойынша қызмет тиісті рөлдер және жұмыс қызметтерімен ұйымның әр түрлі бөліктерінің өкілдерімен үйлестірілуге тиіс.

A.6.1.3	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттерді үлестіру	Басқару құралдары Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттер нақты айқындалуға тиіс.
A.6.1.4	Ақпаратты өңдеу құралдарын бекіту процессі	Басқару құралдары Жаңа өңдеу құралдарын басшылардың бекіту процессі айқындалуға және іске асырылуға тиіс.
A.6.1.5	Құпиялық туралы келісім	Ақпаратты қорғауға ұйымның қажеттілігін көрсететін жарияламау немесе құпиялық туралы келісімдерге талаптар жүйелі түрде қайта қаралуға және сәйкестендірілуге тиіс.
A.6.1.6	Уәкілетті ұйымдармен байланыс	Басқару құралдары Тиісті ұйымдармен тиісті байланыстар үзілмеуге тиіс.
A.6.1.7	Мамандандырылған топтармен байланыс	Басқару құралдары Ақпараттық қауіпсіздік және кәсіби бірлестіктер бойынша мамандандырылған топтармен және мамандардың басқа форумдарымен тиісті байланыс үзілмеуге тиіс.
A.6.1.8	Ақпараттық қауіпсіздікті тәуелсіз талдау	Басқару құралдары Ақпараттық қауіпсіздікті басқару және іске асыруға ұйымның тәсілі (яғни ақпараттық қауіпсіздікті басқару мақсаттары, басқару құралдары, саясаты, процесстері және рәсімдері) жоспарланған уақыт аралықтары арқылы немесе қауіпсіздікті іске асыруда елеулі өзгерістер болған жағдайда тәуелсіз талдауға ұшырауға тиіс.
A.6.2 Сыртқы ұйымдастыру аспекттері Мақсаты: Қол жететін, өңделіп жатқан, белгілі немесе басқа ұйымдармен басқарылатын ұйымның ақпаратын өңдеу құралдарын және ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.		
A.6.2.1	Шеттегі ұйымдармен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру	Басқару құралдары Сыртқы ұйымдар тартылған бизнес-процесстерде туындайтын ұйымның ақпаратын өңдеу жүйесі және ақпараты үшін тәуекелдер, сәйкестендірілуге тиіс және осы ақпарат және құралдарға рұқсат берілгенге дейін басқаруды тиісті құралдары іске асырылуға тиіс.
A.6.2.2	Тапсырыс берушілермен келісімдердегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Басқару құралдары Қауіпсіздіктің барлық сәйкестендірілген талаптары тапсырыс берушілерге ұйымның ақпараттарына немесе ресурстарына рұқсат берілгенге дейін орындалуға тиіс.
A.6.2.3	Шеттегі ұйымдармен келісімдердегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Басқару құралдары Ұйымның ақпаратын өңдеу құралдарын немесе ақпаратын басқару, қатынау, өңдеу, пайдалануды не болмаса өнімдерді немесе сервисті ақпаратты өңдеу құралдарына қосуды көздейтін шеттегі ұйымдармен келісімдер, келісім мәніне жататын қауіпсіздіктің барлық талаптарын ескеруге тиіс.
A.7 Ресурстарды басқару		
A.7.1 Ресурстар үшін жауапкершілік Мақсаты: Ұйымның ресурстарын тиісті қорғауды қолдау және қамтамасыз ету.		

А.7.1.1	Ресурстарды түгендеу	Басқару құралдары Барлық ресурстар нақты сәйкестендірілуге тиіс, барлық маңызды ресурстардың тізімі жасалуға және маңызды жағдайда ұсталуға тиіс.
А.7.1.2	Ресурстарға ие болу	Басқару құралдары Ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты барлық ақпарат және ресурстар, ұйымның уәкілетті бөлімшесінің «иелігінде» [2] болуға тиіс.
А.7.1.3	Рұқсат берілген ресурстарды пайдалану	Басқару құралдары Ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты ақпараттар және ресурстарды жорамалды пайдалану ережесі сәйкестендірілуге, құжаттандырылуға және іске асырылуға тиіс.
А.7.2 Ақпаратты жіктеу Мақсаты: Ақпаратты қорғаудың тиісті деңгейінің қамтамасыз етілгеніне кепілдік беру.		
А.7.2.1	Жіктеу бойынша ұсыныстар	Басқару құралдары Ақпарат мәнділік, құқықтық талаптар, әсер етулерге сезімталдық және ұйым үшін сыншылдық сияқты көрсеткіштер бойынша жіктелуге тиіс.
А.7.2.2	Ақпаратты таңбалау және ұстау	Басқару құралдары Ақпаратты ұстау және таңбалау үшін ұйымда қабылданған жіктеме жүйесіне сәйкес тиісті рәсімдер жинағы әзірленуге және іске асырылуға тиіс.
А.8 Қызметкерлермен байланысты қауіпсіздік аспектілері		
А.8.1 Жұмысқа дейін[3] Мақсаты: Шеттегі ұйымдардың қызметкерлері, мердігерлері және пайдаланушылары өз жауапкершілігін түсінетініне және оларға арналған рөлдерге лайықты екеніне, сондай-ақ жабдықтарды ұрлау, алаяқтық немесе дұрыс пайдаланбау тәуекелін азайтуға кепілдік беру.		
А.8.1.1	Рөлдер және жауапкершілік салалары	Басқару құралдары Шеттегі ұйымдардың қызметкерлерінің, мердігерлерінің және пайдаланушыларының қауіпсіздік рөлдері және жауапкершілігі ұйымның ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес айқындалуға тиіс.
А.8.1.2	Жұмысқа қабылданушыларды тексеру	Басқару құралдары Шеттегі ұйымдардың бос орынға кандидаттардың барлығының, мердігерлердің және пайдаланушылардың жеке деректерін тексеру тиісті заңдарға, нормативтік құжаттарға және этикалық нормаларға сәйкес, сондай-ақ рұқсат берілетін және тәуекелдермен түсінілетін бизнес-талаптарды, ақпараттар санатын ескере отырып, орындалуға тиіс.

[2] Түсіндірме: «Иегер» (owner) термині осы ресурстардың тиімділігін (production), дамуын, алып жүру, пайдалану және қауіпсіздігін басқару үшін әкімшілік жауапкершілік жүктелген тұлғаны немесе мәнді білдіреді. «Иегер» термині осы ресурсқа осы тұлғаның қандай да бір меншік құқығы бар дегенді білдірмейді.

[3] Түсіндірме: «жалдау» ('employment') термині мынадай барлық жағдайларды: қызметкерлерді жалдау (уақытша немесе тұрақты), жұмысшы рөлдерді тағайындау, жұмыс рөлдерін өзгерту, келісім-шарттарды қайта табыстау (assignment of contracts), аталған келісімдердің кез келгенінің мерзімінің аяқталуын белгілеу үшін мұнда пайдаланылады.

